

**"Өзбекстан Республикасының 2000 жылғы 10 қазандағы Еуразиялық экономикалық қоғамдастық құру туралы шартқа қосылуы туралы хаттамаға қол қою туралы"
Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 20 қаңтардағы N 42 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

"Өзбекстан Республикасының 2000 жылғы 10 қазандағы Еуразиялық экономикалық қоғамдастық құру туралы шартқа қосылуы туралы хаттамаға қол қою туралы"
Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ
ЖАРЛЫҒЫ Өзбекстан Республикасының 2000 жылғы 10 қазандағы
Еуразиялық экономикалық қоғамдастық құру туралы шартқа
қосылуы туралы хаттамаға қол қою туралы**

Қ А У Л Ы Е Т Е М І Н :

1. Өзбекстан Республикасының 2000 жылғы 10 қазандағы Еуразиялық экономикалық қоғамдастық құру туралы шартқа қосылуы туралы хаттаманың жобасы **ма қ ұ л д а н с ы н .**

2. Өзбекстан Республикасының 2000 жылғы 10 қазандағы Еуразиялық экономикалық қоғамдастық құру туралы шартқа қосылуы туралы хаттамаға қол **қ о й ы л с ы н .**

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастан қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Жоба

Өзбекстан Республикасының 2000 жылғы 10 қазандағы Еуразиялық экономикалық қоғамдастық құру туралы шартқа қосылуы туралы хаттама

Бұдан әрі Уағдаласушы Тараптар деп аталатын, Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа (бұдан әрі - ЕурАзЭҚ) мүше мемлекеттер болып табылатын Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Ресей Федерациясы

және Тәжікстан Республикасы бір тараптан, және Өзбекстан Республикасы екінші т а р а п т а н ,

Өзбекстан Республикасының ЕурАзЭҚ-қа мүшелікке өтуі туралы өтінішін назарға а л а о т ы р ы п ,

2000 жылғы 10 қазандағы Еуразиялық экономикалық қоғамдастық құру туралы шарттың 9-бабын басшылыққа ала отырып, төмендегілер туралы уағдаласты:

1-бап

Осы Хаттамамен Өзбекстан Республикасы 2000 жылғы 10 қазандағы Еуразиялық экономикалық қоғамдастық құру туралы шартқа қосылады және одан туындайтын құқықтар мен міндеттемелерді толық көлемде өзіне қабылдайды.

2-бап

Осы Хаттама қол қойылған күнінен бастап уақытша қолданылады, Уағдаласушы Тараптардың ратификациялауына жатады және депозитарийі болып табылатын ЕурАзЭҚ Интеграциялық Комитетіне оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарламаны тапсырған күннен бастап күшіне енеді.

3-бап

Осы Хаттама БҰҰ Жарғысының 102-бабына сәйкес Біріккен Ұлттар Ұйымының Х а т ш ы л ы ғ ы н д а т і р к е л у і т и і с .

200__ жылғы " __ " _____ қаласында беларусь, қазақ, қырғыз, орыс, тәжік және өзбек тілдерінде бір данада жасалды, әрі барлық мәтіндердің күші бірдей. Осы Хаттаманың мәтіні бойынша келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Уағдаласушы Тараптар орыс тіліндегі мәтінді пайдаланатын болады.

Осы Хаттаманың түпнұсқа данасы оның куәландырылған көшірмесін Уағдаласушы Тараптарға жіберетін ЕурАзЭҚ Интеграциялық Комитетінде сақталады.

<i>Беларусь</i>	<i>Республикасы</i>	<i>үшін</i>
<i>Қазақстан</i>	<i>Республикасы</i>	<i>үшін</i>
<i>Қырғыз</i>	<i>Республикасы</i>	<i>үшін</i>
<i>Ресей</i>	<i>Федерациясы</i>	<i>үшін</i>
<i>Тәжікстан</i>	<i>Республикасы</i>	<i>үшін</i>

Өзбекстан Республикасы үшін

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК